

«Сыбайлас жемқорлықпен күрес» тақырыбында пікірсайыс турнирі

25.11.2021ж Қарағанды техникалық университетінің Инновациялық технологиялар колледжінде колледж студенттері арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында дебат өткізілді. Дебатты «Саналы ұрпақ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттік клубы «Парасат» дебат клубымен бірлесе отырып ұйымдастырды. Пікір-сайысқа КОПЖТ 9/19-1 тобының «Теміржол қырандары» командасы, КОРМПИ 11/21-1 «Парасат» командасы қатысты. Пікір сайыста Британдық формат қолданылды, оған сәйкес қатысушылар Ұлыбританияда қабылданған дәлелді дау-дамайды жүргізу әдісін ұстанды. Британдық Парламентте қабылданған модель бойынша, екі спикерден тұратын үкімет командасы мен оппозиция командасы әділ қазылар алқасын өз позицияларының дұрыстығына дәлелдер келтіре отырып, сендірулері керек.

Командаларға ұсынылған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбынан туындайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістері негізінде командалар ұсынған дәлелдеменің екі моделін айқындады:

Дәлелдеудің бірінші моделі ретінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жалпы сипатын қалыптастырып, сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін қылмыстық жауаптылықты қатаңдату шараларын қолдану ұсынылды. Пікірталас барысында бұл әдістің оң нәтиже бере алатыны, бірақ сыбайлас жемқорлықтың түпкі себептерін анықтауға емес, оның салдарымен күресуге бағытталғаны атап өтілді.

Дәлелдеудің екінші моделі сыбайлас жемқорлық қылмысының алғашқы себептерін анықтауға және алдын алуға бағытталған маңызды әдіс ретінде құқықтық мәдениеттің, құқықтық сананың және парасаттылықтың деңгейін арттыру арқылы халық арасында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының алдын алуға болатындығы айтылды. Пікірсайыс қатысушылары бұл әдіс алғашқы әдіске қарағанда радикалды емес және тез нәтиже бермеуі мүмкін.

Дегениен, халықтың құқықтық мәдениетін арттыру, жастарды құқықтық тәрбиелеу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үрдісінде оң нәтижелерге жетуге болатыны тұжырымдалды. Дебат соңында барлық қатысушылар кез келген ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенділік танытуымыз керек деген ортақ пікірге келді.

Дебат қорытындысы:

1. «Үздік спикер» - Төлеу Аманбол
2. «Шешендік шебері» - Қанат Мирас
3. «Үздік дәлел» - КОРМПИ 11/21-1"Парасат"командасы
4. «Үздік кейс» - КОПЖТ 9/19-1"Теміржол қырандары"командасы

«Саналы ұрпақ»
клубының жетекшісі

Өмірбекова Гүлжазира Шәмшібекқызы







